

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 25 наурыздағы № 148 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 сәуірде № 27367 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

M. Ахметжанов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2022 жылғы 25 наурыздағы
№ 148 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 511 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9738 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Пробация қызметінің негізгі міндеттері:

1) қоғамдық жұмысқа және түзеу жұмыстарына тарту, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаларды орындау;

2) шартты түрде және тұрғылықты жері бойынша бас бостандығын шектеу жазасына сottalған адамдардың мінез-құлқына пробациялық бақылауды жүзеге асыру;

3) жазаны өтеу кейінге қалдырылған сottalған жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларын жалғыз тәрбиелейтін ер адамдардың мінез-құлқына бақылауды жүзеге асыру;

4) құдіктіге, айыпталушыға қатысты сотқа дейінгі баяндаманы дайындауды жүзеге асыру;

5) мемлекеттік наградалар мен оларға қоса берілген құжаттарды алып қою;

6) прокуратура бөліністерімен, жергілікті әскери басқару органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, соттармен және қоғамдық бірлестіктермен, сottalғандар оқитын немесе жұмыс істейтін кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың әкімшілігімен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асыру;

7) түзеу жұмыстарын қоғамдық жұмыстарға тартумен, қамаққа алумен, бас бостандығын шектеумен немесе бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы;

қоғамдық жұмыстардан қасақана жалтарған жағдайда қоғамдық жұмыстарға тартуды қамаққа алумен, бас бостандығын шектеумен немесе бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы;

бас бостандығын шектеуге сottalған адам жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстыру туралы;

еңбекке қабілеттігін толық жоғалтқан кезде түзеу жұмыстарының қалған бөлігін орындаудан босату туралы;

қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сottalып, бақылаудан жасырынып жүрген және жазасын өтеуден жалтарған адамдарға қатысты іздестіру жариялау, оны тоқтату және бұлтартпау шарасын таңдау туралы;

бас бостандығын шектеуге және түзеу жұмыстарына сottalғандарды жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы;

шартты түрде сottаудың күшін жою немесе пробациялық бақылау мерзімін ұзарту туралы;

бас бостандығын шектеуге сottalған адам үшін бұрын белгіленген міндеттердің күшін толық немесе ішінана жою туралы;

қамауда ұсталған мерзімді есепке алу туралы;

жазаны орындауды кейінге қалдыруды жою туралы;

көрі күші бар не жасалған іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылықтың күшін жоютын қылмыстық заңның шығуы, сондай-ақ рақымшылық жасау актісінің шығуы салдарынан жазадан босату немесе жазаны женелдету туралы;

ауруына байланысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып немесе қолданбай жазадан босату туралы;

түзеу жұмыстарына сотталған адамның жалақысынан ұсталатын мөлшерін Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес төмендету туралы мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 476-бабына сәйкес сотқа ұсыным енгізеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Пробация қызметі үкімді орындауға алған кезінде:

1) үкімнің (қаулының) көшірмесін қосымшаларымен бірге келіп түскен күні кіріс құжаттарының журналына тіркейді, ал содан кейін сотталған адамның деректерін екі жұмыс күні ішінде ОАДБ-ға және нөмірленіп, бауланып, мөр басылған сотталғандарды (қоғамдық жұмысқа, түзеу жұмыстарына, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, шартты түрде сотталған адамдарға, жазасын өтеу кейінге қалдырылған жүкті әйелдердеге және жас балалары бар әйелдерге және жас балаларды жалғыз тәрбиелейтін ерлерге, бас бостандығын шектеуге) және сотқа дейінгі пробацияға жататын адамдарды есепке алу журналына осы Қағидаларға 3, 4, 5, 6, 7, 8, 11-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша енгізеді.

Сотталған адамдардың тұрғылықты жерінің өзгеруіне байланысты басқа Пробация қызметтерінен және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен келген жеке және бақылау істерін де осындай тәртіппен, оның ішінде ОАДБ-ға мәліметтер енгізу арқылы тіркейді;

2) сотталғанды есепке қойған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде үкімді шығарған сотқа сот шешімінің орындауға қабылданғаны туралы хабарламаны осы Қағидаларға 14-қосымшага сәйкес нысан бойынша жолдайды;

3) сотталғанды есепке қойған сәттен бастап бір тәулік мерзімде осы Қағидаларға 15-қосымшага сәйкес нысан бойынша бақылау-мерзімдік карточка толтырады, оны Пробация қызметінің тиісті картотекасына салады;

4) үкімнің көшірмесін тіркегеннен кейін қосымша:

қоғамдық жұмыстарға сотталғандарға - осы Қағидаларға 16, 17 және 18-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша есепке алу карточкасын (ол есепке алу картотекасына салынады), жеке ісін және тіркеу парагын;

түзеу жұмыстарына сотталғандарға - осы Қағидаларға 18, 19 және 20-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тіркеу парагын, есепке алу карточкасын және жеке ісін;

бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталғандарға – осы Қағидаларға 18, 21-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тіркеу парагын және жеке ісін;

белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сottalғандарға - осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке ісін;

шартты түрде сottalғандарға – осы Қағидаларға 18 және 23-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тіркеу парагын, бақылау ісін;

жазасын өтеу кейінге қалдырылған сottalған жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге және жас балаларды жалғыз тәрбиелейтін ер адамдарға – осы Қағидаларға 23 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау ісін толтырады;

сotқа дейінгі пробацияға жататын адамдарға – осы Қағидаларға 25-қосымшага сәйкес нысан бойынша жинақтау ісін бастайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жеке, бақылау, жинақтау істерінің, есепке алу карточкасының және бақылау-мерзімдік карточканың реттік нөмірлері сottalғандарды есепке алу журналында тіркелген үкімдердің нөміріне сәйкес беріледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сottalған адамның жеке, бақылау және жинақтау істері екі бөлімнен тұрады:

бірінші бөлімге есепке қою үшін негіз болатын материалдар (үкім, ұйгарым, қаулы, занды күшіне ену туралы анықтама), хабарламалардың көшірмелері, тіркеу парагы және істі зерделеу бойынша тексерушілердің белгілеулеріне арналған жеке парап тігіледі;

екінші бөлімге жазаны орындау процесін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қатысты сипаттамалық материалдар тігіледі. Барлық құжаттар хронологиялық ретпен тігіліп, нөмірленіп, тізімдемеге енгізілуге тиіс.";

69-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"69. Пробация қызметі пробациялық бақылаудағы бас бостандығын шектеуге сottalған адамды есепке қою кезінде:

1) сottalғанның тұрғылықты жерін, денсаулық жағдайын, білім деңгейін және еңбекпен қамтылғандығын анықтайды;

2) сottalғанға әлеуметтік-құқықтық көмек беру, оған қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ оның тіркелу үшін Пробация қызметіне келу күндерін белгілейді;

3) сottalғанға сот жүктеген міндеттерді орындау тәртібін және мәжбүрлі еңбекті орындау, оларды орындағаны, сондай-ақ пробациялық бақылау шарттары мен тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту тәртібін түсіндіреді.";

81-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"81. Пробация қызметі пробациялық бақылауда тұрған шартты түрде сottalған адамды есепке қойған кезде:

1) денсаулық жағдайын, білім деңгейін және жұмыспен қамтылуын, тұрғылықты жерінің бар-жоғын анықтай отырып, сottалған адамның жеке басын зерделеуді жүргізеді;

2) сottалғанға әлеуметтік-құқықтық көмек алу, оған қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ тіркелу үшін пробация қызметіне келу күндерін белгілейді;

3) ҚР ҚАК-тің 22-бабына сәйкес сот жүктеген міндеттерді орындау тәртібін, оларды орындамағаны, сондай-ақ пробациялық бақылау тәртібін бұзғаны үшін жаупқа тарту тәртібін түсіндіреді.

Бұдан кейін, осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты түрде сottалған адамнан қолхат алынады, ол шартты түрде сottалған адамның бақылау ісіне тігіледі.";

81-1-тармақ алып тасталсын;

82-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"82. Пробация қызметінің қызметкері сот жүктеген міндеттерді шартты түрде сottалған адамның қалай орындайтынын бақылайды.";

93-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"93. Пенитенциарлықтан кейінгі пробация Қазақстан Республикасы ҚК-нің 73-бабына сәйкес бас бостандығынан айыру бас бостандығын шектеуге ауыстырылған адамға қатысты қолданылады.";

94-тармақ алып тасталсын;

94-1-тармақ алып тасталсын;

95-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"95. Бас бостандығынан айыру бас бостандығын шектеуге ауыстырылған адамдарға қатысты пробациялық бақылау ҚР ҚК-нің 44-бабына және ҚР ҚАК-тің 69-бабына сәйкес белгіленеді.";

96-тармақ алып тасталсын;

108-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"108. Құдіктінің, айыпталушының немесе оның адвокаты, занды өкілі пробация қызметіне оны құдікті, айыпталушы ретінде тану туралы қаулысы көшірмесімен келген жағдайда, Пробация қызметінің қызметкері:

1) өзіне қатысты пробация қолданылатын адамның тұрғылықты жерін, оның денсаулық жағдайын, білім деңгейін және жұмыспен қамтылуын анықтайды;

2) ҚР ҚАК-тің 22-бабына сәйкес әлеуметтік-құқықтық көмек алушы түсіндіреді;

3) құдіктіге, айыпталушыға қатысты сотқа дейінгі баяндаманы дайындауды жүзеге асырады.";

көрсетілген Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларына 9, 10, 12, 13, 24 және 41-1-қосымшалар алып тасталсын.

2. "Пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 18 тамызағы № 517 бүйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9737 болып тіркелген):

3-тарау алып тасталсын.

3. "Сотқа дейінгі пробация сатысында күдіктінің, айыпталушиның жеке басын психологиялық-әлеуметтік тестіден өткізу әдістемесін және Сотқа дейінгі баяндаманы дайындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 4 ақпандағы № 90 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14876 болып тіркелген):

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Сотқа дейінгі пробация сатысында күдіктінің, айыпталушиның жеке басын психологиялық-әлеуметтік тестіден өткізу әдістемесінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Көрсетілген бүйрықпен бекітілген Әдістемеде мынадай терминдер мен анықтамалар:

1) пробация – санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі;

2) пробация қызметі – қылмыстық жазалардың қоғамнан оқшауламай орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ пробацияны ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің органды;

3) сотқа дейінгі баяндама – күдіктінің, айыпталушиның жеке басының ерекшеліктері туралы ақпарат;

4) сотқа дейінгі пробация – сотқа дейінгі баяндаманы дайындау жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы пайдаланылады.";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Сотқа дейінгі баяндаманы дайындау әдістемесінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Көрсетілген бүйрықпен бекітілген Сотқа дейінгі баяндаманы дайындау әдістемесінде мынадай терминдер мен анықтамалар:

1) пробация қызметі – қылмыстық жазалардың қоғамнан оқшауламай орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ пробацияны ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын (пенитенциарлық) қылмыстық-атқару жүйесінің органды;

2) сотқа дейінгі пробация – сотқа дейінгі баяндаманы дайындау жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы;

3) сотқа дейінгі баяндама – күдіктінің, айыпталушиның жеке ерекшеліктері туралы ақпарат пайдаланылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған күдікті, айыпталушы адамға қатысты пробация қызметінің қызметкері әзірлейтін сотқа дейінгі баяндама оның жеке басының ерекшеліктері, олардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының тәуекелдерін бағалау туралы сотқа хабар беру үшін күдікті, айыпталушы адам туралы материалдарды жинауды көздейді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Әдістемеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған күдікті, айыпталушы адамға сотқа дейінгі баяндама олардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының тәуекелдерін бағалау, сондай-ақ пробация қызметінің өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпиялар туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, заңды тұлғалардан сұралатын мәліметтер, анықтамалар, мінездемелер, өзге де ақпараттар негізінде дайындалады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Сотқа дейінгі баяндаманы дайындау үшін пробация қызметі мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан сottалғандығы туралы деректерді және жұмыс немесе оқу орнынан күдіктіні, айыпталушины сипаттайтын мәліметтерді сұратады және пайдаланады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Сотқа дейінгі баяндаманы дайындауды күдіктінің, айыпталушиның тұрғылықты жері бойынша пробация қызметі жүзеге асырады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда пробация қызметі сотқа дейінгі пробацияны тоқтатады.";

Сотқа дейінгі баяндаманы дайындау әдістемесіне қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2022 жылғы 25 наурыздағы
№ 148 бұйрығымен
бекітілген
Сотқа дейінгі баяндаманы
дайындау әдістемесіне
қосымша
нысан

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған күдікті, айыпталушы адамға сотқа дейінгі баяндама

Кіріспе бөлігі _____

(сотқа дейінгі баяндаманы жасау уақыты, күні, орны)

(сотқа дейінгі баяндаманы жасаған адамның лауазымы, тегі және аты-жөні)

(күдіктінің, айыпталушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, айы, жылды және туған жері)

Сипаттау бөлігі

(азаматтығы, отбасылық жағдайы, айналысатын кәсібі, білімі, тұрғылықты жері, сопттылығының бар-жоғы, сипаттайтын деректер)

Әлеуметтік мінездеме

Әмір сұру жағдайлары

Отбасылық қарым-қатынастары

Жұмыс (оку) орны бойынша тағы әріптестермен қарым-қатынастары

Достарымен және таныстарымен қарым-қатынастары

Жеке басын психологиялық-әлеуметтік тестілеу нәтижелері

Олардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау тәуекелдерін бағалау

Күдіктінің, айыпталушиның мінез-құлқы

Қылмыстық өткені

Қылмыс жасағанға дейінгі мінез-құлқы

Қылмыс жасағаннан кейінгі мінез-құлқы

Күдіктінің, айыпталушиның мінез-құлқына ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін факторлар

Оң факторлар

Теріс факторлар

(Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар және күдіктінің, айыпталушиның қоғамға қайта кіріктіру)

Ұсынымдық бөлігі

(адамға жазаны тағайындау және оны орындау кезінде пайдалануға ұсынылатын міндеттер мен шектеулердің үлгі тізбесі)

Күдіктіге, айыпталушыға сотқа дейінгі баяндаманы пробация қызметінің бастығы (аға инспекторы, инспекторы) жасады

(пробация қызметінің атауы)

(атағы) (қолы) (тегі, аты-жөні)

20__ ж. "___" _____

Таныстырылды қолы _____ (кудіктінің, айыпталушының аты-жөні)

қолы _____ (кудіктінің, айыпталушының заңды өкілінің аты-жөні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК